



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

РОЭК ОӘБ мәжілісі аясындағы
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН
ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» АТТЫ
47-ШІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 қаңтар 2017 жыл

3 КІТАП

МАТЕРИАЛЫ
47-ОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ УНИВЕРСИТЕТОВ»
в рамках заседания УМО РУМС

26-27 января 2017 года

КНИГА 3

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы «Университеттердің білім беру бағдарламаларының экспорттық әлеуетін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты 47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары. 26-27 қаңтар 2017 жыл. 3-кітап. – Алматы: Қазак университеті, 2017. – 321 б.

ISBN 978-601-04-2554-5

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

ISBN 978-601-04-2554-5

	Makishva M.K. ON SOME METHODOLOGICAL PERSPECTIVES OF POLYLINGUAL EDUCATION	73
	Mukanova G.K., Abdyhadyrova A. METHODS «LEARNING BY DOING» OR HOW TO HELP DOCTORAL STUDENTS PUBLISHED ARTICLES IN JOURNALS WITH IMPACT FACTOR.....	76
E.B.,	Mussiraliyeva Sh. APPLICATION OF MEDIS PROJECT METHODOLOGY for AUTOMATION and CONTROL SPECIALTY AT INFORMATION SYSTEMS DEPARTMENT	77
..... 3	Strautman L.E., Gumarova Sh.B. CONTRIBUTION OF THE TEACHERS OF ENGLISH TO THE SUCCESSFUL IMPLEMENTATION OF THE PROGRAM "100 CONCRETE STEPS".....	80
ЭЛЕР 4 Tolchsh F. INTERNATIONALISATION OF HIGHER EDUCATION IN KAZAKHSTAN.....	82
..... 4	Zhussupova A.I., Zhussupova G.E., Shalakhmetova T.M., Ibrayeva G.Zh,	
ДИА 8 Omirbekova N.Zh. EVERYDAY IS A NEW CHANCE TO LEARN SOMETHING NEW	85
..... 8	Zhussupova I., Chundetova Zh.Zh., Shulembaeva K.K., Tokubaeva A.A. INTEGRATION OF SCIENTIFIC-EDUCATIONAL PROGRAMS INTO THE INNOVATION ECONOMICS OF KAZAKHSTAN	88
М.К. 10 Абдулкаримова Р.Г. , Мансуров З.А. СОЕДИНЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И ИННОВАЦИИ ПРИ РЕАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ «НАНОТЕХНОЛОГИИ И АНОМАТЕРИАЛЫ».....	90
МТУ 10 ОКУ	
ОКУ 12 Абдықалықова Р.А., Воробьева Н.А., Үркімбаева П.И., Тумабаева А.М., Кенесова З.А. КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БІРІ	93
АНУ 12	
..... 12	Аймаганбетова О.Х., Баймолдина Л., Байшукурова А.К., Ахтаева Н.С., Махмуртов А.Э. ПРОЕКТНЫЙ МЕТОД - КАК СОЕДИНЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И ИННОВАЦИЙ	95
НЬЕ 15 Айташева З.Г., Джангалина Э.Д., Лебедева Л.П. ГЛОБАЛЬНЫЙ КОЭФФИЦИЕНТ ИННОВАЦИОННОСТИ КАК ОСНОВА ДЛЯ РАЗВИТИЯ И РОСТА РЕЙТИНГА ВНУТРЕННЕЙ ИННОВАЦИОННОСТИ	97
..... 15 17 Айташева З.Г., Калимагамбетов А.М., Жумабаева Б.А. РЕЗЕРВНАЯ ДВИЖУЩАЯ СИЛА ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ - АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ	99
НИЯ 17	
..... 17 19 Ақбаева Д.Н., Ешова Ж.Т. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В МЕТОДИЧЕСКОМ ОБЕСПЕЧЕНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «ОСНОВНЫЕ ПРОЦЕССЫ И АППАРАТЫ ХИМИЧЕСКОЙ ТЕХНОЛОГИИ»	101
ТЫҚ 21 Аликбаева М.Б., Тунгатова У.А. ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ	105
..... 21 22 Алтаев А.Ш., Султанғалиева Г.С. ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ВЫПУСКНИКОВ – ИСТОРИКОВ В ПРОЦЕССЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	107
ЯСЫ: 22	
..... 22 27 Алтаев А.Ш., Султанғалиева Г.С. ИНТЕГРАТИВНЫЙ ХАРАКТЕР И УРОВНИ МЕНЕДЖМЕНТА В ПОВЫШЕНИИ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА СТУДЕНТОВ	109
ТЕМЕ 27	
..... 27 30 Армеев А.М., Жакупова А.А., Плохих Р.В., Абдреева Ш.Т., Глезденева О.В. РЕАЛИЗАЦИЯ СОВМЕСТНОЙ МАГИСТЕРСКОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ ДВУДИПЛОМНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ТУРИЗМ» КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ И РУДН В РАМКАХ СЕТЕВОГО УНИВЕРСИТЕТА СТРАН СНГ	112
ЛЕЙ: 30	
..... 30 33 Арыстанбекова Қ.Д., Қошымова А.О. ОҒЫЗДАРДЫҢ КӨРШІ ХАЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	114
НИЯ: 33	
..... 33 41 Асилова А.С. ОҚУ ПРОЦЕССІНДЕ ДӘРІС ЖҮРГІЗУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ	117
АНИЕ 41	
АНИЕ 42 Аскарлова А.С., Болегенова С.А., Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К., Zivile Rutkuniene СТРАТЕГИЯ РЕАЛИЗАЦИИ СОТРУДНИЧЕСТВА КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ И КАУНАССКОГО ТЕХОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА (ЛИТВА).....	118
НИИ 42	
..... 41 46 Аскарлова М.А. Сағымбай О.Ж. КРЕАТИВНОСТЬ КАК КОМПОНЕНТ ИННОВАЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ УПРАВЛЕНИЯ ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЕМ».....	120
НДА 46	
..... 42 48 Аубакирова Ж., Айтбембетова А. О ПРЕПОДАВАНИИ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН В МАГИСТРАТУРЕ	122
АЛЫ 48	
..... 45 51 Ахтаева Н.С., Хворост К, Нажемидин А., Аймаганбетова А.Х. СВЯЗЬ НАУКИ, ОБРАЗОВАНИЯ И ИННОВАЦИИ В ПРОЦЕССЕ ОРГАНИЗАЦИИ ЗАНЯТИЙ.....	124
ТЫН 46	
..... 46 53 Әлкебаева Д.А. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНЫҢ МАҒЫЗЫ МЕН РОЛІ	125
НИЯ 53	
МЕРЕ 55 Әмір Р.С. «ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮСТІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІ КРЕАТИВТІК ҰМТЫЛЫСЫҚА ЖЕТЕЛЕУ	127
..... 48 57 Байшукурова А.К., Ахтаева Н.С., Аймаганбетова О.Х., Сатыбалдина Н.К., Басыбекова К.Е. ОСОБЕННОСТИ РЕАЛИЗАЦИИ ПРИНЦИПА «ОБРАЗОВАНИЕ В ТЕЧЕНИЕ ЖИЗНИ» В ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ И ПРАКТИКЕ	129
Е И 51	
..... 53 62 Баудиярова Қ.Б. ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС МУЗЕЙ ІСІ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ	132
ЫНА 55	
..... 55 67 Баяндинова С. М., Сыдықова П. Н. ТУРИЗМ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ ЫНТАЛАНУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ	134
НЬХ 57	
..... 57 71 Бергенева Н.С., Сағарбаева А.С., Жуманова Г.С., Исанбекова А.Т. ЕКІ ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ – «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОМІР ТІРШІЛІГІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ» САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕ	136
S... 62 73	

Музей – қоғамдық өмірдің айнасы, идеологияның қайнар ошағы. Бүгінгі музей қызметкерлері ұлттық идеологияны қалыптастырып, оны халыққа жеткізу міндетін атқарады. Сондықтан да музейде жұмыс атқару жауаптылықты, білімді қажет етеді. Себебі музей қоғамдық сана, ұлттық менталитетті қалыптастыруда үлкен жұмыстар атқарады [3].

Қазіргі таңдағы музейлердің алдындағы өзекті мәселенің бірі мамандардың аздығы. Барлық қала, аудан орталығы, ауылдарда тарихи-өлкетану музейлері, мемориалдық музейлер, одан басқа түрлі саладағы музейлер қаншама? Аталған мамандықты бітірген студенттер бұл музейлерге маман ретінде қорықпай бара алады, оларға жұмыс орны дайын, яғни мамандықтың қажеттілігі анық.

Әл-Фараби атындағы Тарих, археология және этнология факультетінің 5В041900 – «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығын бітірген студенттер Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік музейінде жұмыс атқарады. Этнология және антропология орталығында, археология орталығында, қор бөлімінде, есепке тіркеу бөлімінде, менеджмент және маркетинг, экскурсия жүргізу орталығындағы мамандар – біздің студенттер. Музей басшысы Нұрсан Әлімбаев қазіргі таңда музейде жұмыс жасау үшін магистратура академиялық дәрежесін алу міндетті деген талап қойып отыр. Сондықтан ондағы жұмыс жасап жүрген қызметкерлер осы сала бойынша магистратураны оқып тәмамдауда. Келесі бір мәселе музеолог бағдарламасы. Қазіргі таңда барлық музейлер біртіндеп музейлік жүйе – музеологияға көшіп отыр. Бітіруші мамандар жұмыс берушілердің талаптарына әйкес бұл бағдарлама жайлы хабардар болуы тиіс. Сол мақсатта 2-3 курс студенттеріне арналып «Музеолог бағдарламасы» бойынша арнайы курстар өткізілді. Музей қызметкерлері аталған қызметтерден бөлек ғылыми зерттеу жұмысымен айналысады. Бұл музейдің шығарған этнографиялық энциклопедиясынан, түрлі тақырыптағы каталогтардан, халықаралық және республикалық ғылыми конференция материалдарынан көрініс берді. Бұл бір ғана Орталық музейдегі біздің бітіруші мамандардың үлесі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейі, мемориалдық музейлер, тарихи-өлкетану музейлеріндегі біздің түлектер қаншама. Музей басшыларының оларға деген бағасы оң болып отыр. Бұл Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеттің білім деңгейінің дұрыстығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәдени мұра бағдарламасы. – Алматы, 2004. – 158 б.
2. 1992 жылы 2 шілдеде қабылданған №1488-ХІІ «Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы» (29.12.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Заңы.
3. Шляхтина Л.М. Современные музей: идеи и реалии // Вопросы музеологии. – №2(4). – 2011. – С.14-19.

Баяндинова С. М., Сыдықова П. Н.

ТУРИЗМ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ ЫНТАЛАНУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Қазіргі таңда елімізде жиі өткізіліп отырған халықаралық деңгейдегі іс-шараларға байланысты туризм және қонақжайлық саласында білікті мамандарды дайындап шығару өзекті мәселе болып табылады. Осыған байланысты студенттерді жан-жақты ынталандыру маңызды.

Қоғамның пікірінше, сапалы білім алу болашақта сұранысқа ие маман болуға ықпал етеді. А.Г.Асмоловтың айтуынша, оқу процесі – ынталандырудың түрленуімен қатар жүретін процесс. Соңғы жылдары студенттердің негізгі мотивтері біршама өзгеріске ұшырағанын айта кеткен жөн. Бүгінгі жастарда өзіндік ерекше тенденция қалыптасып отыр. Мәселен, талапкерлердің көпшілігі ЖОО кәсіптік білім алып, өз ісінің білікті маманы болу үшін емес, тек ЖОО тәмамдағандығы жайында диплом алу үшін түседі. Сондай-ақ, ынталандыруды қалыптастыру механизмдерін жан-жақты зерттеу өзектілігі студенттердің көпшілігінде болашақ мамандығы жайлы кеңейтілген түсініктің болмауымен және оқу ынтасының төменділігімен шартталады. Көп жағдайда студенттерде оқу мотивіне қарағанда шығармашылық, өзін-өзі таныту мотивтері басым. Бұл оқу процесі жайында қалыптасқан ой мен шынайы жағдайдың сәйкес келмеуімен айқындалып отыр. ЖОО оқу процесінің тиімді және нәтижелі болуы тікелей студенттердің ынталану деңгейіне байланысты [1].

Ғалымдар білім алу барысындағы студенттерді ынталандырудың маңыздылығын атап өткен (А.Г. Сукиязов, С.О. Крамаров, Ю.В. Карякин, И.Г.Захарова, С.В. Панюкова және т.б.). Дегенмен, студенттік шақтағы оқуды ынталандыру мәселесі әлі де аз зерттелген. Сондай-ақ студенттердің ынталану деңгейі оқу процесінің әр кезеңінде әр түрлі болып келеді. Студенттік кезеңде негізгі мотивтер мен құндылықтарды бағдарлау жүйесі өзгеріске ұшырап, кәсіптік қабілеттер қалыптаса бастайды. Студенттік шақ объективті жағдайлармен анықталған өмірлік жоспарды құруға, әлеуметтік тұтастыққа ұмтылуға, өмірдің мәнін іздеуге және жоғарғы білім алып, маман иесі атануға және қызықты жұмысқа ие болуға бағытталған. Бұл кезеңде жақсы өмір жағдайларына және материалды қамтамасыз етілуге ұмтылу байқалады. Бастапқы курс студенттері үшін жоғарғы білім алудың басты мотиві жаңа әлеуметтік сипаттамаға ие болу болса, жоғарғы курс студенттері үшін білімдерін жетілдіру мен кәсіби дағдыларды иелену болып табылады.

Білім алу барысында құндылық-нормативті мақсаттарға түзету жасалады. И.Архангельский, В.И.Журавлева, Н.И. Мешкова, Я.О.Устинованың пікірінше, ынталандыруды оқу мазмұны ерекшеліктерінің жиынтығы негізінде қалыптастыру керек. Сонымен қатар студенттердің жұмыстағы қиындықтарды жеңу және қызмет барысындағы туындайтын жағдайларда оңтайлы нәтиже қорсету кезінде табандылықты қалыптастыруға бағытталуы керек [2].

В. Г. Асеев ынталандыруды қалыптастырудың екі жолын атап көрсетеді. (Асеев, 1976). Бірінші жолы («төменнен жоғары») күтпеген жерде қалыптасқан немесе арнайы ұйымдастырылған оқу жағдайлары мен әрекеттесулерді жүйелі түрде жандандыру барысында бірте-бірте тұрақты мотивациялық білімге қошетін таңдаулы түрде жеке ситуативті талаптарды өзекті қылады. Екінші жолы («жоғарыдан төменге») студенттер бойында қалыптастыруы тиіс және іштей қабылдап, өмірде пайдалануға бағытталған дайын түрде көрсетілетін талаптар мен мақсаттар, тұлғалық құндылықтарды игеруге бағытталады [3].

Белсенді оқу-танымдық іс-әрекеттегі аясындағы студенттерді ынталандыру жүйесі мотивтердің екі түрінен тұрады: ішкі және сыртқы. Бұл жерде мотивтің іс-әрекет мазмұнына қатынасы көрсетіледі (кесте 1).

Ішкі мотивтер ең тиім болып табылады, себебі студенттер үшін маңызды мәселелерге және олардың қызығушылығына негізделген. Ішкі мотивтерге білуге құмарлық және ой-өрісін кеңейтуге, мәдени және кәсіптік деңгейін көтеруге ұмтылу да жатады. Мотивтің бұл түрінде оқу жағдайлары ішкі шиеленісті болдырмайды. Жалпы ішкі ынталану оқу деңгейі жоғары, өз кәсібіннің білікті маманы болуға ұмтылатын студенттерге тән. Сыртқы мотивтерге жаза немесе марапат, қорқыныш, орындауға тиіс талаптар, топтың қысымы, болашақ игіліктерді күту және білім алу, оқытушының бағасы, ыңғайсыздықтан қашуға ұмтылу және т.б. жатады. Бұлардың барлығы, расында да, оқу мақсатына қатысты сыртқы сипатқа ие, себебі бұл кезде оқу мақсаты неміқұрайлы қаралуы мүмкін. Көп жағдайда сыртқы мотивтердің білікті маман дайындауда келешегі жоқ. Сондықтан оқытушының басты міндеті студенттердің бойында танымдылыққа бағытталған ішкі мотивтерді қалыптастыру болып табылады.

Кесте 1. Оқу-танымдық іс-әрекеттің жалпы жүйесіндегі ынталандырудың ішкі және сыртқы мотивтері

Студенттердің мотивтері	
Сыртқы (оқу деңгейі төмен студенттерге тән)	Ішкі (оқу деңгейі жоғары студенттерге тән)
Жеткілікті білім игермеген үшін жаза күту және қорқыныш	Білімге, білім алу процесі мен оны қалыптастыруға деген қызығушылық
Оқудағы жетістіктер үшін марапат күту	Жаңа білімді құндылық ретінде қарастыру және өзі танытудағы ролін түсіну
Талаптар мен топтың моральдық-психологиялық қысымы	Білуге құмарлық және ой-өрісін кеңейтуге ұмтылу
Ыңғайсыздықтан қашуға ұмтылу және оқытушыны бағалау	Мәдени және кәсіптік деңгейін көтеруге ұмтылу
Болашақ игіліктерді күту және білім алу	Жаңа ақпаратты қажет ету

Студенттердің бойында оқуға деген ынталануды қалыптастыру аталған екі жолмен де өтуі тиіс. Студенттерді осылайша жалпы түрде ынталандыру оқуға деген теріс және бейтарап қарым-қатынасты қызығушылыққа айналдырудың ықпал етеді.

Туризм мамандығының әр түрлі курс студенттерінің және мемлекеттік грант пен ақылы оқу бөлімінде оқитын студенттер арасында сауалнама жүргізілді. Студенттерде ынталандырудың бар-жоқтығын білу үшін олардың «Туризм» мамандығында жоғарғы білім алуда не мақсатты көздейтіні жайында сауалнама жүргіздік (кесте 2).

Ынталандырудың құрылымын талдау барысында респонденттердің үштен бір бөлігінің басты мақсаты қоғамда өз орнын табу болып табылса, үштен бір бөлігінен азы жақсы табыс мақсатында, ал 40% респонденттер басқа жауаптар берді.

Сондай-ақ ақылы бөлім студенттерінің мемлекеттік грант иегерлеріне қарағанда мақсаттарында өзгешеліктер байқалды.

Кесте 2. Мемлекеттік грантта және ақылы бөлімде оқитын студенттерінің сауалнама нәтижелері

Жоғарғы кәсіптік білім алу мотивтері	Мемлекеттік грант иегерлері (%)	Ақылы бөлім студенттері (%)
Қоғамда белгілі орын табу	26	32
Жақсы табыс табу мүмкіндігі	19	37
Жақсы кәсіби даярлық алу	19	11
Оқу орнын бітіріп өз ісін бастау	13	9
Жоғарғы басқару лауазымын иелену	7	11
Студенттік шақты қызықты өткізу	10	-
Жанұялық дәстүрді аяқтау	6	-

Нәтижеде көрініп тұрғандай, «Туризм» саласында жоғарғы кәсіптік білім алу мемлекеттік грантта оқитындар үшін болашақта қоғамда өз орынын табумен байланысты. Ал ақылы бөлімде оқитын студенттерде білім алу мотивтері болашақ мамандықтың материалдық мүмкіндіктерімен ұштасады. Дегенмен, сонда да ақылы бөлім студенттерінің оқудағы жетістіктері грантта оқитын студенттерден әлдеқайда төмен болып келеді.

Студенттер ЖОО оқу процесін өзіндік жеке қажеттіліктеріне, мақсаттарына, құндылықтарына байланысты бағалайды. Ал олар білім арудың басты мақсаты – осы сала бойынша маман дайындаудан өзгешеленеді. Студенттерде белгілі бір деңгейдегі түпкі нәтижеге жету мақсаты үстем болып келеді. Оқу тапсырмаларын шешу процесінің өзі тек түпкі нәтижемен байланыста ғана маңызды болып келеді (баға алу, емтихан тапсыру, диплом алу және т.б.).

Алайда субъективті жана білім алуға бағытталған танымдық мотив те байқалады. Оның ерекшелігі оқу іс-әрекетінің түпкі нәтижесімен ғана емес, оны орындау процесімен байланысты (тапсырмаларды орындаудағы қызығушылық, шешім табудың нақты әдістері және т.б.).

Студенттердің көпшілігінде ерік мотивінің төмендігі байқалды. Бұл саналы түрде мақсат етілген оқу іс-әрекеті стандарттарының жоғары деңгейде болмағандығын (мысалы, ұйымдастырушылық, жігерлік, табандылық деңгейі және т.б.), олардың өзіндік біліктілігін деңгейін көтерудегі томен ұмтылысын көрсетеді.

Алайда жүргізілген сауалнама нәтижесі негізінде студенттердің барлығы дерлік ынталанғандығы байқалады. Бұл өз кезегінде кәсіби болашақ мамандығына деген қызығушылық туғызуда бағытталған жұмыстардың қажеттілігін көрсетеді.

Оқытуды табысты және тиімді жүргізу студенттердің сабақ барысындағы ынтасын қалыптастырусыз мүмкін емес. Ынталандыру компонентіне тек мекеме ғана жауап бермейді. Ынталандырудың негізгі міндеті – студенттердің назарын сабақ тақырыбына аудару және білімге деген құмарлықты, танымдық қызығушылықты қалыптастыру. Сондай-ақ, студенттердің бойында бір уақытта оқудың белсенділігін арттыратын парыз мен жауапкершілікті дамыту маңызды. Тақырыптың өзектілігі мен қажеттілігін, маңыздылығы мен ерекшелігін тек сабақтың басында ғана айтып айқындап, түсіндіріп қана қоймай, сабақ оғу барысында қолданылатын әдіс де ойластырып қойған жөн. Әсіресе, зейінді сақтап тұру үшін сабақтың екінші бөлімінде студенттер оқу материалын белсенді түрде қабылдауға бағытталған түрлі әдіс-тәсілдерді қажет етеді [4].

Студенттерде оқу мотивациясын қалыптастырудың мынадай педагогикалық әдістерін тиімді пайдаланған жөн:

- оқудың түрлі формаларын қолдану;
- жетістікке жету жағдайын қалыптастыру;
- оқудың проблемалық сипаты,
- оқу іс-әрекетін болашақ кәсібінің көрнекілік және әлеуметтік жағдайларға жақындату,
- оқу материалдарының әр түрлілігі, эмоционалды реңкі;
- студенттердің педагогикалық тәжірибесін, ғылыми-зерттеу және өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру;
- бақылау мен өзіндік бақылауды ұйымдастыру.

Нәтижелер:

1) студенттердің танымдық белсенділігінің дамуы оқытушының ықпалына және студенттің жеке тәжірибесіне тәуелді;

2) танымдылық белсенділікті дамыту көздері:

оқу құралының мазмұны,

студенттердің танымдық белсенділігін ұйымдастыру процесі ролін атқаратын оқу процесі;

студент пен оқытушының тұлғалық қоры;

3) сабақ кезіндегі танымдық белсенділіктің байқалу формалары:

студенттің өз бетінше жұмыс жасау қабілеті;

жеке шығармашылық;

4) танымдылық белсенділікті қалыптастыру жағдайлары:

студенттердің белсенді ой қызметін дамытуға максималды сүйену,

оқу процесін студенттердің дамуының оптималды деңгейінде жүргізу,

білім арудың эмоционалды реңкі, оқу процесінің жағымды эмоционалды жағдайы.

Оқу әрекетінің табыстылығы көптеген психологиялық және педагогикалық сипаттағы көптеген факторларға байланысты, сондықтан студенттердің қалыптастыру кешенді жұмысты талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Батаршев А.В. Учебно-профессиональная мотивация молодежи: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений - М.: Издательский центр «Академия», 2009. – 192 с.

2. Ильин Е.П. Мотивации и мотивы. - СПб.: Питер, (Серия «Мастера психологии»), 2006. – 512 с.

3. Лисовицкий В.Г., Дмитриев А.Б. Личность студента. – Л., 2004. – 204 с.

4. Асмолов А.Г. По ту сторону сознания: методологические проблемы неклассической психологии [Текст] / А.Г. Асмолов. - М.: Смысл, 2002. – 480 с.

Бергенева Н.С., Сатарбаева А.С., Жуманова Г.С., Исанбекова А.Т.

ЕКІ ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ – «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨМІР ТІРШІЛІГІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ» САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕ

Екі дипломды білім беру қазақстандық жоғарғы мектептердің халықаралық білім беру кеңістігіне тәжірибелік интеграциясының дамуының маңызды сатысы болып табылады. Бұл бағыт Қазақстандық жоғарғы

оқу орындары
кеңістігіндегі
Болон үдерісі

Жоғары
инновациялы
дипломын алу
мәдениет, таби
дамуын қамта

Инноваци
дипломдық б
дейінгі страт
орнындарым
беру жүйесін

Әл-Фараб
жүзеге асыр
ынтымақтаст
кіреді. Олар
желілік унив

Шанхай
мүшелеріме
елдер арасы
технологиял
ынтымақтас
кеңейтуге,

сауда-эконо
бағытталалд

Екі дипл
қызметімен
немесе бірн

Біртінде
енгізіле ба
университе
жақсаралды,
әл-Фара

магистрлік
әрбір маги
сапалы бі
бағдарлам
технология

Әсіресе
даярлауда
қауіпсіздіг
байланыст
«Тірші.

2016-2017
ұтқырлық
мемлекетт
пайдалану
табиғатты
дипломды

Екі ел
бойынша
университ
және бас
әрекеттес

Келісі
бірнеше :
үлгілерде
– екі я
– Сері

– Сері
– Сері